

Әдебиеттер:

- 1 Құлекеұлы Ш. Шығармалары. – Алматы: Атамұра, 2003. – 250 б.
- 2 Мағауин М. Қобыз сарыны. – Алматы: Мектеп, 2007, – 190 б.
- 3 Сыдиықов Қ. Көркемдік өрнектер. – Алматы: Рауан, 1992. – 80 б.
- 4 Мағауин М. Ғасырлар бедері. – Алматы: Жазушы, 1991. – 431 б.
- 5 Құлекеұлы Ш. Шығармалары. – Алматы: Дайк-Пресс, 1999. – 264 б.
- 6 Ысмағұлов Ж Алтын ғасырдың ақ таңы. – Алматы: Арыс, 2009. – 504 б.
- 7 Мұқанов С. Халық мұрасы. – Алматы: Жазушы, 1974. – 145 б.

Карим Ж.К., Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, дене мәдениеті және спорт факультеті, МДМЖС-51 топ, магистрант
(Ғылыми жетекші - п.ғ.к., профессор Ж.Бөжігіз)

ҚАЗАҚ КҮРЕСІ МЕН АУДАРЫСПАҚТЫҢ НЕГІЗІНДЕ ДЕНЕ САПАЛАРЫН ЖЕТІЛДІРУ

Зерттеудің көкейкестілігі: ұлттық ойындар халқымыздың тарихи-мәдени мұрасы, ата-бабамыздың бізге жеткен асыл қазынасы. Қазақтың ұлттық ойындары ерлікті, батылдық пен қайсарлықты, шынығуды қажет етеді. «Қазақстан Ұлттық энциклопедия» кітабында қазақтың ұлттық ойындарының мән-маңызы туралы былай деп жазылған: «Қазақ ұлты негізінен ұрпақ қамын басты мақсат етіп қойып, балалардың нағыз азамат болып қалыптасуына аса зор мән берген. Нәтижесінде дәстүрлі бала тәрбиесінің басты құралы ретінде ұлттық ойынды орайластырып, дамытып отырған» [1].

Зерттеу мақсаты: спортшының дене сапаларын дамытудағы ұлттық ойындардың маңыздылығын зерттеу.

Зерттеу міндеттері: қазақтың ұлттық спорт ойындары қазақ күрес пен аударыспақ ойындарының спортшының дене сапаларын дамытудағы қызметін салыстыру.

Зерттеу әдістері: мақаламызда ұлттық ойындарды зерттеген ғалымдардың еңбектеріне әдеби талдау жасау және тұжырымдарын саралау.

Қазіргі заманғы педагогикалық үдерісте қазақ халқының ұлттық ойындарын енгізу жағдайларын қарастыра келіп, Ж. Т. Төлегенов қолданылып жүрген ойындарды ұтымды топтастыруға мүмкіндік беретін саралауды ұсынған. Бұл ұсыныс бес топтан тұрады.

- қимыл жылдамдығын, ептілік пен үйлесімділікті дамытуға бағытталған ойындар;
- күшті төзімділікті дамытатын ойындар;
- зейін мен қимыл реакциясына тәрбиелейтін ойындар;
- лақтыру қимылын дамытатын ойындар;
- негізгі қимылдық сапаларды кешенді дамытуға байланысты ойындар [2].

Қазақ халқының дәстүрлі ұлттық ойындарын зерттеп, алғаш рет жүйелеуді ғалым М. Гуннер жасаған: ол өзі жинаған қазақ халқының ұлттық ойындарын ескере отырып оларды мынандай белгілері бойынша саралауды ұсынады:

- жалпы сипаттағы ойындар;
- кедергіжәне күрес элементтері бар ойындар;
- ашық жердегі ойындар;
- қысқы уақыттағы ойындар;
- Демалысқа арналған ойындар;
- Ат спорты ойындары [3].

Мұндай ұсынысты автор қимыл ойындарың ережелерін сараптау негізінде жасайды.

Отандық ғалымдардың негізгі зерттеулерінің өзектілігі – ұлттық ойындардың дене сапаларын жетілдірудегі әсерін, ықпалын айқындау.

Ұлттық ойындар – халқымыздың салт-дәстүрін, тәлім-тәрбиесін дене шынықтырумен байланыстыратын алтын көпір.

Қазақ халқында әр түрлі бағыттағы ұлттық ойындар өте көп. Оның ішінде күш қолдануды талап ететін ойындардың түрлері алуан. Ежелгі заманнан келе жатқан бұл ойындар жаугершілік кезеңде найза ұстап, қылыш сермейтін жауынгерге қажетті қасиеттерді қалыптастырған. Қара

күшті қажет ететін, жалпы ер-жігіттің бойынан табылатын қасиеттерді қалыптастырушы ойындар ретінде қазақ күресі мен аударыспақты айтуға болады.

Қазақ күресінде кім мықтыны бозкілемде сарапқа салсақ, аударыспақта жеңімпазды ат үстінде, күресе отырып анықтаймыз. Аударыспақты осыған орай «шабандоздың күресі» деп те атай береді.

Қазақ күресі – қазақ халқының ұлттық спорты. Халқымыздың өмір сүру салты көшпенді тұрмысқа бейімделгендіктен, күнделікті іс-әрекетінің өзі күрес. Табиғаттың таза сұрыптауынан өткен халықтың жекпе-жек өнерге деген ынтасы классикалық түрде жетілген. Тарихқа көз жүгіртсек көшпенді тайпалардың түп атасы сақ, ғұн, түркілер дәуірінде садақ атудан, ат үстінде найзаласудан т.б. дәстүрлі сайыстар өтетіні жайлы нақты деректер бар. Бұл деректер қазақ күресінің тарихын ғылыми түрде зерттеген Елемес Әлімханұлы, Қыдырбек Рысбек, Жүсіп Хисымов секілді т.б. ағаларымыздың еңбектерінде жазылған.

Аударыспақ – ұлттық ат спорты ойындарының бірі. Екі салт ер үстінде отырып бірін-бірі аударып алуға тырысады. Аударыспаққа тәртіп бойынша ат үстіндегі айқасты жақсы меңгерген, тиянақты дайындығы бар спортшылар ғана қатыса алады. Қазіргі тәртіп бойынша сайысқа 18 жасқа толғандар ғана қатыстырылады. Сайысқа қатысушылар үш салмақтық категорияға бөлінеді. Аударыспаққа салмақтық категорияны енгізудің мақсаты — қатысушыларға неғұрлым теңдік жағдай туғызу.

Ойында аты белді, жарамды, өзі мықты, атқа отырысы мығым, білікті жігіттер жеңіп шығады. Сайып келгенде, аударыспақта негізгі рольді ат пен ойыншы жігіттер атқарады. Оспадарлық, жұла қашу, салып қалу, қол қайыру сияқты айла-амалдарды қолдануға болмайды. Аударысу ат пен жігіттің үндескен қимыл-бірлестігіне сүйене отырып, күш-жігердің басымдығын көрсететін қалыпты, байсалды шеберлікке ұласып жатуы шарт [4].

Қазақ халқының ұлттық спорт түрлері қазақ күресі мен аударыспақ спортшыдан асқан күштілікті, төзімділікті, ептілікті, жылдамдықты, батылдық пен жігерлікті талап ететін спорт түрлері.

Күш дегеніміз – палуан кілемге шығып белдескенде немесе шабандоз атқа мініп айқасқанда қарсыласының қарсылығын жеңіп жеңіске жетуі немесе бұлшық еттің күшімен қарсыласына тойтарыс беруін айтамыз. Күшті көбейтудің негізгі түрлерінің бірі жалпы дене шынықтыру жаттығулармен қатар арнайы жаттығулар жасау болып келеді

Төзімділік дегеніміз – әдістерді бүкіл белдесу бойына жоғарғы қарқынмен орындау қабілеті. Ол оған түсетін салмақты ұдайы және бірте-бірте арттырып отыру арқылы дамытады. Спортшының жалпы жан-жақты дене шынықтыру жаттығуларын орындағанда және арнайы дайындық жаттығуларын орындағанда шаршамауы деп екіге бөлінеді. Жан-жақты денені шынықтыру жаттығуларын орындағанда шаршамауы дегеніміз спортшының орташа қарқынымен шыдамдылықты өсіретін жаттығуларды ұзақ уақыт орындай алу қабілеті. Арнайы дайындық жаттығуларын орындағанда шаршамауы дегеніміз спортшының қимыл-қозғалыстарымен әрекеттерді әр түрлі дәрежеде күш жұмсап жүріп айқас бойына жоғарғы қарқынмен орындай алу қабілеті.

Иілгіштік дегеніміз – спортшының ең жоғарғы ауқымды қозғалыс жасау мүмкіншілігін айтамыз. Спортшының иілгіштігі буын-буындарымен дене мүшелерінің жалғасқан жерлерінің құрлысына, бұлшық еттерінің созылмалығына және жаттығулар жасаған кезде буындардың иіліп созылуының кең болуына байланысты. Иілгіштіктің екі түрі бар: өз күшімен иілу, сырт күшімен иілу.

Жылдамдық – күш және қозғалыс реакциясының жылдамдық сипатын анықтайтын кешенді қызметтік қасиеті, яғни өте аз уақытта қозғалыс әрекетін орындауды қамтамасыз ететін сапа. Қазақ күресі мен аударыспақта жылдамдық сапасын дамыту ерекшеліктері басқа дене сапаларының деңгейімен, әдістерді жетілдірумен, ерік-жігер сапалары мүмкіндіктерімен және т.б. тығыз байланыста болады. Жылдамдықты дамыту күрделі жұмыс тәртібі. Жылдамдық мүмкіндігін арттырудың барынша ұтымды, үйлесімді кезеңі балалық және жасөспірім шақ. Бұдан кейінгі ересек жастарда жылдамдық қабілеттерін дамыту күш және ептілік сапалары арқылы мүмкін болады және баланың ерте жас кезінде жылдамдықты дамытуға назар аударылмаса, көп тер төгуді талап етеді. Сондықтан жылдамдық бір сөзбен айтқанда спортшының әдісті қас-қағым сәтте шапшаң орындай алу қабілеті болып табылады. Спортшы жылдамдық сияқты дене қасиетін арттырмайынша жарыста жоғары нәтижеге жетуі мүмкін емес. Спортшы аса қайратты, қимылы оңтайлы, бұлшық етерінің күші дамыған болса ғана жылдамдығын арттыра алады.

Қорытынды: Ұлттық ойындар дене тәрбиесі сабақтарын дамытудағы негізгі құрал болып табылады. Бұл ойындарда көптеген тәсілдер жүйесі, үйрету мен тәрбиелеу әдістері жинақталған. Олар ұрпақтан-ұрпаққа таралып, әдет-ғұрып, салт-сана білімдерінің жиынтығы ретінде халық өмірін жан-жақты түрлендіруде. Арнайы спорт жабдықтары мен құрал-саймандарды көп қажет етпейтін қазақтың ұлттық ойындарының дене тәрбиесі сабағын жоғары әдістемелік деңгейде сапалы өткізудегі пайдасы мол.

Әдебиеттер:

1. http://www.tumba.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=1948&Itemid=&e d=08
2. Төлегенов Ж. М. Қазіргі педагогикалық үрдісте қазақтың ұлттық дене тәрбиесінің құралы мен формасы. ... пед. ғыл. канд. дисс.: - Алматы: . 1992, – 165 б.
3. Гуннер М. М. Сборник казахских национальных игр и развлечений. – Алматы: МКЛКСМ, – Қазақстана, 1938.
4. Сағындықов Е. С. / Қазақтың ұлттық ойындары. — Алматы: «Рауан» баспасы, 1991 жыл .—176 бет. ISBN 5-625-01063-3

Колесниченко В.К., Карагандинский университет имени академика Е. А. Букетова, филологический факультет, гр. РФ-11, студент
(*Научный руководитель — старший преподаватель Шигабиева А. И.*)

ФУНКЦИОНИРОВАНИЕ ЗАИМСТВОВАННОЙ ЛЕКСИКИ В РЕЧИ СОВРЕМЕННОЙ МОЛОДЕЖИ

Современные лингвисты и языковеды последних десятилетий наблюдают в языке неизменную тенденцию использования в речи заимствованной лексики. Рост заимствований и повышение частотности их использования обусловлен, конечно, не только внутриязыковыми факторами, но и влиянием возрастающей активности международных контактов, безграничных возможностей интернет-ресурсов. Заимствованные слова проникают в наш язык из разных сфер и областей.

«Под заимствованным следует понимать всякое слово, пришедшее в русский язык извне, даже если оно по составляющим его морфемам ничем не отличается от исконно русских слов», такое определение заимствованным словам дает Шанский Н.М. [1, с. 33]

Рост заимствований и интенсивность их употребления — это одна из самых ярких черт современной речи. При обсуждении проблем русской речи, именно данная тема является наиболее резко и категорично оцененной. «Средства массовой информации просто поражены вирусом коленопреклонения пред всем западным, что также осложняет и без того непростую обстановку, связанную с агрессивным вторжением чужеродной лексики в русский язык». [2, с.73]

Заимствование — это процесс не новый для всех поколений. Но нельзя категорично сказать, что он губителен для языка. Лингвист Б.А Серебренников высказывается так «Неверно, однако, думать, что заимствование непременно заполняет "пустое место" в системе языка или непременно, окончательно и бесповоротно вытесняет прежний, "свой", исконный элемент» [3, с.76] У заимствования есть значительные плюсы. Благодаря этому процессу обогащается словарный запас языка, при этом сохраняется база, основной словарный состав.

Иноязычные слова в лексике современного русского языка хоть и являются достаточно многочисленной группой, но тем не менее не превышают 10% всего словарного состава. Причины иноязычного заимствования могут быть внешними (внеязыковыми) и внутриязыковыми. Основными являются внешние заимствования. Также одной из причин многочисленных заимствований является тенденция к замене словосочетаний одним словом - стремление упростить речь. Часто в языке не находится краткого, лаконичного именованного явления, действия или реалии действительности, поэтому языку приходится заимствовать вместе с какой-то реальностью западной жизни и само название. Крысин Л.П. выявил еще одну причину «среди причин и условий заимствования иноязычных слов